

Егемен Қазақстан

БІР ҚИЫРДАН... БІР ҚИЫР!

Жұмыр Жер

409 АРАЛЫ БАР ЕЛ

Дания... Осы бір бейқұт ел біздің жүрегімізді сонау балалық шағымыздан-ақ Ханс Кристиан Андерсеннің сиқырлы туындыларымен жаулап алған. Әсіресе, оның астанасы Копенгагенді ұлы ертегішінің қаласы, өмір сүріп, ғұмыр кешкен ортасы деуіміз керек. Өйткені, ол туралы жазушының есімі берілген бульвар және ескерткіштер ғана емес, тіпті мұндағы әрбір пристань мен трактир, шіркеу мен театрдың өзі еске салып тұрғандай.

Мысал керек пе? Айтайық. Міне, готикалық стильмен салынған үйлердегі черепица шатырда Андерсен кейіпкерлерінің бірі – мұржа тазалаушы отыр. Оның қызметін Копенгагеннің көптеген тұрғындары әлі күнге дейін пайдаланады. Ал мына бүгінде кәдімгі өзенге айналған бір кездегі ескі қамал төңірегі орларындағы суда тағы да сол атақты қаламгер шығармаларында сүйіспеншілікпен суреттелетін аппақ аққулар жүзіп жүр. Еске сала кетейік, 1874 жылы осы кербез құс Данияның символы етіп таңдалып алынған. Біз сияқты сырттан келген жандардың Копенгагенмен танысуы анау қала түкпіріндегі ұлы жазушы Андерсенге ескерткіш орнатылған Ратуша алаңынан басталады. Мейірімді ертегіші онда қолында кітабы бар, шамшат ағашының көлеңкесінде отыр.

Қалада оған екі ескерткіш орнатылған: біреуі король саябағында тұр. Ол өте көне, сондықтан да дат астанасының тұрғындарына етене жақын. Ал Ратуша алаңындағы бейне – жаңа. Бұл сырттан келушілердің көп жиналып, үйірсектейтін жері. Сондықтан да “ескерткіш түбінде кездесу” жергілікті копенгагендіктер үшін бір бөлек те, туристер үшін бір басқа.

Міне, дат астанасындағы келесі бір тарихи орын – Ньюторв алаңы. Бұл жерден Андерсеннің әлгі “Шақпақтас” шығармасындағы сот үйі жертөлесінің терезесі көрінеді. Есіңізде болар, құрметті оқырман, ертегіде былай делінбеуші ме еді: “Таңертең солдат терезе жанына жақындап келіп, темір тордың арғы жағындағы көшеге көз салды: халық бұл бейбақты қалай дарға асатынын көру үшін қала сыртына қарай шұбыруда; барабандар соғылып жатыр, әскерлер сап түзеп өтіп барады. Бәрі асығулы, кейбіреуі тіпті жүгіруге көшкен. Алдына тері алжапқыш байлаған етікші балаға не жорық десеңізші. Бездендеп ол да кетіп барады. Құйын-перін боп шапқылаған оның бір туфлиі аяғынан ұшып кетіп, терезеден сыртқа қарап тұрған солдаттың дәл жанындағы қабырғаға ұрылды”. Иә, сол жертөлениң нақ өзі бұл. Ол тым аласа екен. Оның жарық түсетін желдеткіш сияқты терезе көздерін көшеге төселген тастар уақыт өте келе жарым-жартылай көміп тастаған ба, қалай?

Әлемдегі ең ұзын жаяу жол – осындағы жүргіншілер көшесі СтрҰтке жақын манда көне де алып ғимарат – Дөңгелек мұнара тұр. Бұл жәдігер 1647 жылы бой көтергенімен, көрген жанды қазірде де қатты таңғалдырып, тамсандырады. Әрине, ертегіші атамыз кезінде мұны да назардан тыс қалдырмаған. “Шақпақтаста” ол мынадай теңеумен қамтылып өтіледі: “Ағаш сандықтың үстінде көсіліп жатқан иттің әр көзі Дөңгелек мұнарадай еді”. XVI ғасырдың ортасында бой көтерген бұл ғимарат салынып біткеннен кейін бір-бірімен мүлде үйлеспейтін мақсаттарға қызмет етіпті. Ол алдымен әулие Троицаның (әке, бала және рух құдайы деген үштік) шіркеуі болса, содан іле-шала Копенгаген университетінің обсерваториясына айналған.

Жергілікті тұрғындар көбінесе оны орта ғасырлық дана астроном Тихо Брагениң есімімен байланыстырады. Мұны халықтың өз перзентіне деген құрметі деп білу керек. Тек солай ұғу қажет. Себебі, шындыққа жүгінер болсақ, Дөңгелек мұнараның обсерваториясы ғұлама ғалым өмірден өткеннен кейін 40 жылдан соң салынған еді. Бірақ ұлы дат астрономының есімі бұл ғимаратпен тегін байланыстырылмаған. Өйткені ол өз кезінде ғылымның қолы жете қоймаған тың жаңалық ашқан. Атап айтқанда, аспандағы жұлдыздардың орналасу ретін дәл анықтап берген. Мұнараның ұшар басындағы алаңқайда Тихо Брагениң бюсті тұр. Ол туралы Андерсен өз шығармаларында талай мәрте еске алған. Қазір Дөңгелек мұнара обсерватория мәртебесін жоғалтқан. Сондықтан да енді оның басына астрономдар емес, туристер көтеріліп, биік тұғырдан көне қаланы, оның сан тарау көшелерін еркін тамашалайды.

Ғимараттың ұшар басына шығамын деген адам кірпіштен өріліп жасалған жол арқылы көтеріледі. Осы мұнараның тарихына қатысты мынадай да ғажап оқиға бар. 1716 жылы дат астанасының тұрғындарын таң-тамаша етіп, орыс патшасы Петр I Дөңгелек алаңға атпен кірсе керек. Одан асып түсуді көкसेген Екатерина I де мұнара ішіне күймемен келіпті. Бұл копенгагендіктерді тіпті айран-асыр қалдырған дейді. Андерсен ақсақал осы оқиғаны білген және оны көп ешкім сөз етпеген тағы бір дерекпен толықтырған.

Ғимарат төбесіне көтерілген орыс патшасы өзінің нөкерлерінің біріне мұнарадан төмен қарай секіруді бұйырыпты. Әлгі байғұс ұлы ағзамның пәрменін орындауға бейімделгенде дат королі араша түсіп, оны ажалдан аман алып қалыпты. Қаламгердің “Болу немесе бордай тозу” романында нақ осылай жазылған. Қаладағы өзіндік бет-бейнеге ие әсем жердің бірі ол Ньюхавн маңайы. Бұл атау “жаңа айлақ” деген мағынаны білдіреді. Білдірсе білдіргендей, ондағы гаванда тербеліп тұрған желкенді қайықтардан көз тұнады. Бұлардың төңірегі толған көне тұрғын үйлер. Үлкенді-кішілі олардың әрқайсысының өзі бір тарих. Ғажабы сол – көпшілігі тағы да ұлы ертегіші Андерсеннің есімімен тығыз байланысты. Неге десеңіз, бұлардың бірінде ол сонау алыс провинциядан келіп, бірер ай болса да тұрып есін жиған. Екіншісінде қала өміріне бейімделіп, шығармаларын жазуға кіріскен. Ал үшіншісінде өмірінің соңғы екі жылын өткізген. Сөйтіп, осы Ньюхавнде оған әлемдік даңқ әкелген “Корольдің жаңа жасауы”, “Түйме қыз”, “Кішкене Иданың гүлдері”, “Алтын бала” сияқты ертегілері дүниеге келген.

Осы жердегі арналы өзеннің Конгенс-Ньюторв алаңына тірелер тұсы болып келетін жағалаудағы айлақта үлкен кеме зәкірі көрінеді. Бұл – екінші дүниежүзілік соғыс кезінде опат болған 1450 дат теңізшілеріне қойылған ескерткіш дейді гид. Осыдан кейін... иә, осыдан кейін біз сияқты мұнда бұрын болып көрмеген адамдар Копенгагеннің ең керемет көз тартарлық ғажайыбына кез болары хақ. Ол Лангелиние деп аталатын жағалаудың қалаға кірер тұсындағы сұрғылт таста ойланып отырған қола мүсінді “Су перісі” дер едік. Андерсеннің осындай ертегісі есіңізде шығар, құрметті оқырман?! Егер есіңізде болса онда: “Сен он бес жасқа толғанда, – деді әжесі, – саған теңіз бетіне жүзіп шығып, ай жарығымен жағалаудағы тас үстінде отырып, төңірегіңді жанай жүзіп бара жатқан алып кемелерді тамашалауға рұқсат беріледі”, деген сөйлемдер бар емес пе еді. Міне, сондағы “Су перісі” – перизат қыз осы. Тіршілікке құштарлық пен пәк ой-ниетті және нәзіктікті бір бойына жинаған ару көптен бері-ақ Копенгагеннің символына айналған. Олай дейтініміз,

міне 97 жылдан бері ол мына алып гранит тастың үстінде дат астанасына келіп кірген әрбір кемені қарсы алып, шығарып салып отырады. Бұл ескерткішті 1913 жылы мүсінші Эдвард Эриксен арқылы өмірге әкелдіріп, жасаттырған атақты дат меценаты Карл Якобсен екен. Осы “Су перісі” бейнесі маңында оның өзіне ғана тән өзгеше дәстүр қалыптасқан. Мәселен, әлемнің әр елдерінен келген теңізшілер оған жақындағанда ай дидарлы аруға гүл шоқтарын шашып өтеді. Мұны сұлулыққа деген құрмет пен іңкәрлік деп білу керек. Көркем Копенгаген!..

Ол қонақтарды қашан да айлақтар мен вервьтердің кереметтей көріністерімен, көз тұндырар көгілдір көлдерімен, абат көркі жарасқан көшелерінің алуан түрлілігімен және үлкен қаланың қайнаған тіршілігімен қарсы алады. Дат астанасының осы ғажайып келбеті өздеріне ғана ұқсайтын ұлттық ерекшелігімен, табиғи болмысымен мәнді де сәнді. Ол әсіресе, ғасырлар бәйгесінен озып келген, неше ықылым замандардан қирамай, бүлінбей аман жеткен небір ғажайып үйлер мен қабырғаларын қына мен мүк басқан көне қорғандардың молдығынан анық көрінеді. Мұны өзіміз сөз етіп отырған шаһардың басты ерекшелігі әрі байлығы десе де болады. Бірақ кәрі тарих XIV ғасырдың басына дейін Копенгагеннің басқа қалалардан еш артықшылығы болмағандығын айтады. Тіпті, шаһардың оның саяси және экономикалық жағынан өте тиімді мекен – Эрезунд бұғазының жағалауында орналасқан болса да атағы онша алысқа кете қоймаған. Ал оның байлығы сол кезде тіпті керемет еді. Саяхатшылар ол заманда былай дейді екен: “Эрезундта майшабақтардың көптігі сонша, оны найзамен түйреп, қылышқа қадап алуға болады”. Осындай жерден бастау алып, өсіп-өркендеген Копенгаген ғой. Оның ең көрікті ғимараттарының түгелге дерлігі XVI ғасырдың бірінші жартысында билік жүргізген король Кристиан IV есімімен байланысты екен. Төрт ғасыр бойына былқ етпеген анау Биржа үйі, одан кейінгі Розенборг сарайы мен Фредериксборг резиденциясы...

Міне осылардың барлығы жасампаздық жолында жанып тұратын қасиеті үшін халық “ұлы құрылыстар иесі” атап кеткен король Кристиан IV билік құрған жылдарда салыныпты. Тіпті, Копенгагеннен онша алыс емес Кронборг қамалының өзі де талай-талай жанған өрт пен күлден кейін осы корольдің тұсында мызғымастай болып түбегейлі түрде қайта бой көтерген. Еске түсірейік, Андерсен шығармаларында былай баяндалмаушы ма еді? “Данияда көне Кронборг қамалы бар. Ол күн сайын жүздеген алып кемелер жүзіп өтетін Эрезунд бұғазының бойында тұр. Олардың ішінде Англияның да, Ресейдің де, Пруссияның да су көліктері кездеседі. Бұлардың бәрі ары-бері өткенде көне қамалға зеңбірек залпы арқылы құрмет көрсетеді – бум-бум. Қамалдың зеңбіректері де оларға жауап қайтарады – бум-бум”. Иә, бұл бір замандарда өзіміз сөз етіп отырған Эрезунд бұғазының қылтасындағы шведтер шапқыншылығынан әбден зәрезап болып сорлап біткен Кроген атты елді мекеннің орны екен. XVI ғасырдың ортасында король Кристиан IV ондағы жаман-жәутік лашықтарды сыпырып тастап, мұның орнына өзінің жаңа үлгідегі резиденциясын салуға бекінеді. Дат билеушісінің ойынша бұл қорған, бекініс болып қала тұра, еуропалық қуатты мемлекеттердің қамалдарынан кем түспейтін сәулетті сарай үлгісіндегі ең үлкен ғимарат болуы тиіс еді. Солай деп ұйғарылған резиденцияның құрылысы 1574 жылы Ганс Паске деген сәулетшінің басшылығымен басталады. Жеті жылдан кейін бұл бейбақ ішіп-жеп қойды деп кінәланып, абақтыға жабылады да оның орнына голланд Антониус Опберген тағайындалады. Сөйтіп сарай 1585 жылы толық салынып бітеді. Кронборг деген атқа ие болады. Бұл “тәжді қамал” деген ұғымды білдіретін еді. Себебі, түр-тұрпаты мүлдем жаңа ғимарат өзінің сән-салтанаты келіскен әсемдігімен дат корольдерінің шетелдік қонақтарды ұялмай қабылдайтын тұңғыш әмбебап резиденциясы болды.

Осылайша король Кристиан IV билік құрған кезде Кронборг елдің ұлылығын танытып тұрды. Ол мемлекеттік шекара бекеті ретінде де Данияға кіретін су жолдарын қорғады және өз үкіметі үшін нағыз “аспаннан алтын жауған” кез деп аталған “Эрезунд салығын” өмірге әкелді. Аталмыш салық Данияны жанай өткен барлық кемелерге міндетті

болды. Себебі, бұл ел сол уақытта Эрезунд бұғазының екі жағалауына да толық иелік ететін.

Сөз ретіне қарай Кронборг қорғанының тағы бір ерекшелігін айтқымыз келеді. Ол оның баяғыдан бері Уильям Шекспирдің атақты “Гамлет” трагедиясымен байланыстылығы. Ұлы ағылшын драматургының пайымдауынша, аталмыш пьесадағы басты кейіпкер мен оған қатысты оқиғалар осында болған-мыс. Ал шын мәнінде дат принцінің бұл жерге ешқандай қатысы жоқ екен. Оның отаны да, иелік еткен замок-қорғаны да Данияның бір қиырындағы Ютландияда еді дейді гид. Соған қарамастан, Шекспир Гамлетті осы Кронборгта тұрған, спектакльдегі көптеген жәйттердің мына қамалға тікелей қатысы бар деген ұғым қалыптастырған.

Данияда жыл сайын Иван күні атты жалпыхалықтық мереке бар екен. Оған жергілікті және шетелдік актерлер көптеп келіп, осы Кронборгқа жиналады дейді білетіндер. Олардың сондағы ең басты мақсаттары ол қорғандағы түнгі ашық аспан астында Уильям Шекспирдің біз сөз етіп отырған жауһар туындысын қойып қайту екен.

Иә, жыл сайын мұнда келетін әрбір жаңа театр труппалары көрермендерге мәңгілік туындының өздері жасаған нұсқаларын ұсынатын болып шықты. Бұл дәстүрдің қалыптасқанына да 70 жылдай уақыт болып қалыпты. Алғаш рет осы жерде ағылшын труппасы өнер көрсеткен. Онда Гамлеттің рөлін атақты Лоуренс Оливье ойнапты. Қойылым, әрқашанда, аумағы атшаптырым қорғанның ішкі ауласындағы тас алаңқайда болады екен. Оны көргенде өзіміз сөз етіп отырған туынды мазмұнындағы суреттелетін дат принцінің қаңғыбас комедианттарға кімді қалай алдауды нақ осы жерде үйреткені ойымызға оралмай қалған жоқ.

Сөзіміздің соңында Кронборг тек Гамлетпен ғана әйгілі емес дегіміз келеді. Көне камалдың астындағы жерасты жолында дат корольдігінің негізін қалаушы, аты аңызға айналған адам – Хольгер Данскенің алып мүсіні тұр. Ол орынтақта отырып ұзақ ұйқыға кеткен кейіпте бейнеленген.

Көне аңыз былай дейді: Хольгер Данияның басына қауіпті, қиын күн туа қалған жағдайда оянып кетеді-мыс. Сол кезде ол алып тұлғасын тіктеп жаумен шайқасатын болады. Жалпы дат корольдері өзге жұрттың монархтарына қарағанда ақылдырақ болған және басқалардың қатесінен тез қорытынды шығарып, жедел шешімдер қабылдай білген.

Мәселен, 1848 жылы бүкіл Еуропада революциялық дүрбелең басталғанда король Фредерик Париждегі елшісінің әңгімелерін тыңдай отырып, бір жылдан соң өз еліне Конституция сыйлаған. Сондықтан да Данияда қантөгісті төңкерістер мен қырғындар болған жоқ. Содан да Копенгагенде сәнді сарайлар қирамады. Керемет қорғандар тоналмады. Халықтың бет-бейнесін көрсететін ғажайып архитектуралық ғимараттар осылайша сақталып қалды. 409 аралы бар елден тұратын бүгінгі Дания тұрғындары осыны мақтан етеді.

Жанболат ӘЛИХАНҰЛЫ (АУПБАЕВ)
КОПЕНГАГЕН, Дания.